

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 1133 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі № 9-2/695 бұйрығын қараңыз.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.11.2013 № 1195 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Агенттің 2012 жылға арналған қызметіне ақы төлеу 64520000 (алпыс төрт миллион бес жүз жиырма мың) теңге мөлшерінде бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.16 № 1054 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен агент арасында жасалған шартқа сәйкес оны жасасқаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау үшін «2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаражат есебінен агент қызметіне ақы төлеуді жүзеге асырсын .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.16 № 1054 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.17 № 425 Қаулысымен.

5. "Арнайы шоттағы ақшаны пайдалану және уақытша бос қаражатты орналастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 973 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 35, 463-құжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 29 қарашадағы
N 1133 қаулысымен

бекітілген

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану ережесі

Ескерту. Бүкіл мәтіндегі «сақтандырушыға», «сақтандырушының», «сақтандырушы», «сақтандырушылармен», «сақтандырушымен» деген сөздерден кейін тиісінше «немесе өзара сақтандыру қоғамына», «немесе өзара сақтандыру қоғамының», «немесе өзара сақтандыру қоғамы», «немесе өзара сақтандыру қоғамдарымен», «немесе өзара сақтандыру қоғамымен» деген сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1042 Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңына сәйкес өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану тәртібін реттейді.

2. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін бюджет қаражаты және уақытша бос ақшаны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырудан түскен кірістер есептелетін Ұлттық Банктегі шоттағы ақша мынадай мақсаттарда пайдаланылады:

1) қолайсыз табиғат құбылыстарының нәтижесінде туындаған сақтандыру

жағдайлары бойынша сақтандырушыға немесе өзара сақтандыру қоғамына сақтандыру төлемдерінің елу пайызын өтеуге;

2) уақытша бос қаражатты Ұлттық Банктегі депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыруға.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1042 Қаулысымен.

2. Ағымдағы шоттан ақшаны пайдалану тәртібі

3. Агент ағымдағы шоттан сақтандырушының немесе өзара сақтандыру қоғамы банктік шотына сақтандыру төлемдерінің бір бөлігін өтеу сомасын аудару үшін Ұлттық Банкке өтемді төлеуге арналған төлем тапсырмасын береді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.06.30 N 554 қаулысымен.

4. Сақтандырушы немесе өзара сақтандыру қоғамы ағымдағы шоттан ақшаны алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде агенттің сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу сомалары бойынша агентпен салыстырып тексеру актісін үш дана дәріс і м д е й д і .

5. Тоқсан сайын есептіден кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей агент өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға осы Ережеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша сақтандыру төлемдерінің бір бөлігіне жүргізілген өтемдер туралы мынадай құжаттарды ұсына отырып, есептер береді:

сақтандырушылармен немесе өзара сақтандыру қоғамдарымен жасалған салыстырып тексеру актісі;

жүргізілген өтем төлемдері туралы ағымдағы шоттан үзінді көшірме; өтемдерді төлеуге арналған төлем құжаттарының көшірмелері.

6. Сақтандырушы немесе өзара сақтандыру қоғамы агентке көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған және (немесе) ұсынған жағдайда агент сақтандырушыға немесе өзара сақтандыру қоғамына жүргізілген сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеуден бас тартады.

7. Агент ағымдағы шоттан түсетін қаражаттың түсімдері және оларды пайдалану жөніндегі операцияларды бухгалтерлік есепке алуды жарғылық қызмет нәтижелерінен оқшау жүргізеді.

8. Қаржы жылының соңындағы ағымдағы шоттағы қаражат қалдықтары өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға және тиісінше бюджетке қайтаруға жатпайды.

9. Агент өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ағымдағы шоттан бос қаражатты:

1) Ұлттық Банкпен салым операцияларын жүзеге асыру кезінде

пайдаланылатын стандартты шарттар туралы бас келісім жасасу жолымен
Ұлттық Банктегі депозиттік шоттарға;

2) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына
сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарда орналастырады.

**Ескерту. 9-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1042
Қ а у л ы с ы м е н .**

10. Уақытша бос қаражатты депозиттерге және мемлекеттік бағалы
қағаздарға орналастырудан алынған кірістер ағымдағы шотқа есептеледі.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1042
Қ а у л ы с ы м е н .**

11. Агенттің қызметін бақылауды уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан
Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті
сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін
ақшаны пайдалану ережесіне

1-қосымша

20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____ 20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____

**дейінгі кезеңдегі агенттің ағымдағы шоты бойынша ақшаның
қозғалысы туралы есеп**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1042
Қаулысымен.**

(теңгемен)

Р/с N	Атауы	Токсандар бойынша сома				Есепті кезеңдегі ақша қозғалысының жиыны
		1	2	3	4	
1	Токсанның басындағы ақшаның қалдығы					
2	Есепті кезеңде түсетін түсімдер, барлығы (3+4+4-1)					
	оның ішінде:					
3	Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінген қаражат					
4	Депозиттік шоттан түсетін сыйақы					
4-1	Мемлекеттік бағалы қағаздарда орналастырудан сыйақы					
5	Шығыстар, барлығы (6+7+7-1)					
	оның ішінде:					
6	Сақтандыру төлемдерінің өтелуі					

7	Депозитке орналастыру					
7-1	Мемлекеттік бағалы қағаздарда орналастыру					
8	Есепті кезең соңындағы қаражаттың қалдығы (1+2-5)					

Агенттің басшысы _____

(қолы, Т.А.Ә.)

Бас бухгалтер _____

(қолы, Т.А.Ә.)

М.О.

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану ережесіне

2-қосымша

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы

20 ____ жылғы « ____ » _____ жағдай бойынша есеп

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.08 № 1042 Қаулысымен.

(теңгемен)

Р/с N	Сақтандыру компаниясының немесе өзара сақтандыру қоғамының атауы (облыс атауы)	Жасалған шарттар саны (бірі .)	Барлық сақтандырылған алаң (га)	Сақтанушылармен жасалған шарттар бойынша жалпы сақтандыру сомасы	Сақтандырушының немесе өзара сақтандыру қоғамының сақтанушыларға өндірген сақтандыру төлемінің сомасы	Агенттің сақтанушыға немесе өзара сақтандыру қоғамына сақтандыру төлемінің бір бөлігін өтеу сомасы
1	2	3	4	5	6	7

Агенттің басшысы _____

(қолы, Т.А.Ә.)

Бас бухгалтер _____

(қолы, Т.А.Ә.)

М.О.